

баяндамасынан* Торғайдағы қазақ балаларының жағдайы жөнінде мынадай бір үзінді келтіруге болады: Балалардың хал-жағдайы өте мүшкіл. Ата-анасынан айырылып қалған 4 жасқа дейінгі жетім балалар түгел қырылған. Балалар үйлерінен және жетімектерді паналатқан сондай жерлерде 4 жастан үлкен балаларды ғана, ал одан кішіректерін тек ата-аналарымен бірге көрдім, бірақ ол балалардың өзі де әбден жүдеп-жадаған. Әдетте 100-150 кісілік балалар үйлерінде күніне 1-2, әйтпесе 3 бала шетінейді, олардың орнына сол мезетте-ақ панасыз жүрген басқа балалар басады... Бала атаулыға мүлдем құрып кету қаупі төніп тұр, - делінеді [1, 61 б].

Міне, осылайша еліміз ұлт болып жойылып кету алдында тұрды. Осындай нәубет кезеңді бастан кешіре отырып, ұлт болып сақталып, қазіргі күнге жетіп отырмыз. Адам қолынан жасалған ашаршылық пен жоқшылық, қазақ халқының болмысының жойылуына себеп бола алмады. Сол жылдары мыңдаған бейкүнә, жазықсыз жандар азық-түлік тапшылығынан зардап шекті. Кеңес үкіметінің қолдан жасаған ашаршылығының әсерінен, ел демографиясы елеулі өзгерістерге ұшырады. Сол кезеңдердегі деректер көбі жойылып, әлі де зерттеуді көп қажет етеді.

Енді, міне, халқымыздың жадынан шықпаған нәубет қасіретін тәуелсіздігімізді алғаннан бері ата мекенінен еріксіз ауып кеткен қандастарымыздың өздері болмаса да ұрпақтары қайтып оралуда.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қозыбаев М. Ақтандақтар ақиқаты: Оқу құралы – Алматы., «Қазақ университеті», 1992 - 272 бет.
2. Әбдіғалиұлы Б. Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника. Сб. док. Т.1: 1928-1929/ Алматы, Атамұра, 2021.- 920 бет.
3. Қазақ қалай аштыққа ұшырады: (Қасіретті жылдар хаттары). Алматы, «Қазақ университеті» 1991 – 208 бет. Құраст. С.Әбдірайымов, И.Н.Бухонова, Е.М.Грибанова, Н.Р.Жағыпаров.
4. Асылбеков М.Х, Галиев.А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980) - Алма-Ата: Ғылым, 1991 – 192 с.
5. Абдрахманова К.К.. Демография и статистика населения, Қарағанды 2018-274 бет
6. <http://e-history.kz/kz/publications/view/>

ТҮРКІСТАН-ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ РУХАНИ АСТАНАСЫ

Бөжиг А.

Ғылыми жетекшісі:т.ғ.м., аға оқытушы Шахаев А.Ж.

Академик Е.А Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

arman.shahaev@mail.ru

Қарағанды қ.

Түркі тектес халықтарда қасиетті де қастерлі саналатын қаланың өткен тарихы таусылмас шежіре. Бұл киелі жер өз басынан кешкен кейде күнгеі мен теріскейі аралас ғасырлар өресінде түркі тектес халықтардың биік парасаты, ой-өрісі, ерлік, елдік келбеті, шерменге толы шежіресі жатқан мекен. Ол-тегі бір, діні бір күллі түркі халықтарының біріктіріп, рухын асқақтататын руханият орталығы, рух астанасы. Осы орайда қасиетті Түркістан даңқының ұлы бабамыз, алғашқы түркі-ислам ағартушысы, философ-сопысы, пірі, шайхы Қожа Ахмет Яссауидің есімі мен оның құрметіне Әмір Темір салдырған ғажайып, қасиетті ғимарат-кесенесімен тығыз байланысты екенін естен шығаруға болмайды.

Әлемдік дамуда дербес мемлекетке қолы жеткен әрбір халықтың, ұлт-ұлыстың жолы қиын болған. ХХІ ғасырдың басында, яғни қазақ елі тәуелсіздік алғаннан кейін

ғалымдарымыздың алдында тұрған маңызды міндет-ерте заманнан бергі рухани қазынамызды тарих таразысына салып, орын-өлшемін табу, келешек ұрпаққа жеткізу.

Ұлттық діліміз бен дүниетанымымызды, рухымыз, мәдениетімізді дағдарысқа ұшыратып, тығырыққа тіреген қатал ғасыр, ұлттық руханият, мәдениет болашақта, яғни келер ғасырда алға басып, адамгершілік қасиеттің сыр-сипатына айналса деген үміттен де құралақан емеспіз.

Қазақ халқының өткен тарихы кейбір халықтар тәрізді қағаз бетіне түспеген. Өз тарихын көкірек көңіліне сақтаған қазақ халқы өзіне ғана тән қайталанбас, өшпес рухани дүниеге, ұлттық дүниетанымға, болмыс-бітімге ие халық. Осы сөзімізге дәлел ретінде Ахмет Байтұрсынұлы айтқан әр халықтың бұрыннан жүріп келе жатқан дағдылы жолы бар екендігі, ол жолды түзеткенде жарамды жеріне тимей, жарамсыз жерін ғана өзгерту керектігі, олай етпесе соңғы ойып салған жолмен жұрттың көбі жүрмей, бұрынғы дағдылы жолмен кете беретіндігі туралы көрегенді пікірін айту жөн секілді.

Түркістан шаһары қаншама ғасырлар бойы түркі ру-тайпаларының рухани астанасы болып келгендігі ақиқат. Сондықтан да ол қасиетті де киелі ретінде саналатын халық санасынан кең орын алған. Сонымен орта ғасырлық Түркістан қаласының Қазақстан тарихындағы орны, біздің ойымызша күрделі зерттеулердің тоғысында тұрған тақырып болып табылады.

Түркістан қаласын ірі орталық ету Тәуелсіздік алғаннан бері Н.Ә. Назарбаевтан бастап зиялы қауым өкілдері арасында талай талқыланғаны осы күні есімізге түсіп отыр. Белгілі қоғам және мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің 1991 жылы айтқан мына пікірін еске түсіріп көрейікші.

«...Түркістан үшін қазақ халқының қаны көп төгілген, ол оның ең қасиетті орны. Үш жүз жылға жақын уақыт қазақ хандарының тұрағы – астанасы болған. Онда халқымыздың асыл азаматтары, ең қалаулы ұлдарының сүйегі жатыр. Оны қастерлемесек болмайды. Түркістанда облыс орталығы құрылса жақсы болар», – деп жазды. Ал ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың «Түркістан» атты толғауындағы:

Түркістан – екі дүние есігі ғой,

Түркістан ер түріктің бесігі ғой.

Тамаша Түркістандай жерде туған

ТүріктіңТәңірі берген несібесі ғой.– деген өлең жолдарынан қаншама тарих сыр шертеді. Демек, Түркістан – түркі халықтарының ғана емес Шығыс халықтарының да ақ ордасы, астанасы болғанын аңғарамыз.

Түркістан тек қазақ халқының ғана емес, оғыз-қыпшақ тілдерінде сөйлейтін барша түркі халықтарының тарихында айрықша орын алған рухани орталық болған. Шаһардың мұндай абыройға ие болуы – ең әуелі сопылық ілімнің негізін салушы түркі данышпаны Қожа Ахмет Яссауи есімімен тікелей байланысты.

XIV ғасырдың аяғында Қожа Ахмет Яссауи зираты басындағы тозығы жеткен кесенені әлемнің жартысын табанының астына салған жаһангер жаулаушы Әмір Темір Көреген қайта салғызып, Түркістанның даңқын одан әрі асырды. Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы өзімен теңдесі жоқ бұл ескерткіш рухани ұлылыққа тағзым ретінде танылып, Түркістанды ислам әлеміндегі екінші Мекке дәрежесіне көтерді.

Қазақ ханының бағыт-бағдары яссауи ілімінің шеңберінде айқындалды, өздері яссауидің танымдық-рухани философиясының нақ ортасында тұрды. Тәуке ханның жарлығы бойынша Яссауидің ізін қуушылар, қожалардың мәртебесі хан, сұлтандармен бірдей бағаланып, оларға мемлекеттік қайраткер деген ресми статус тағайындалды. Ханның алқа мәжілістері кесене залдарында өткерілді. Түркістан қаласында өмір сүруге ниеттенген қазақ хандары Яссауи ілімін терең меңгерді. Яссауи ілімі қазқтардың ұлт болып ұйып, ортақ мүддеге топтасуына септігін тигізді. [1].

Қожа Ахмет Яссауидің қабірі жатқан Әзіреті Сұлтан топырағы қазақ халқының әйгілі хандары, даңқты батырлары, билері мен сұлтандары бақиға аттанғанда мәңгілікке тыным табатын қасиетті қорымға айналды. Мұнда Есім ханның, Жәңгір ханның, Әз Тәуке ханның,

Абылай ханның, Қаз дауысты Қазыбек бидің, Қанжығалы Бөгенбай батырдың сүйектері жерленген.

Қазақ хандығы дәуірінде Түркістан қаласы мемлекеттің экономикалық және саяси-әкімшілік орталығы ретінде танылды. Осы кезеңде Қазақ хандығы мен Ресей арасында елшілік байланыс күшейе түсіп, саяси қарым-қатынас орнады. Түркістан XVI-XVII ғасырларда Қазақ хандығының аты әйгілі қаласына айналды.

“Түркістан-түркі әлемінің рухани астанасы” дөңгелек үстелетті. Осы жиынға Түркістан облысы әкімінің орынбасары Сәкен Қалқаманов, жергілікті ғалымдар, облыстық этномәдени бірлестіктердің мүшелері мен белсенді жастары қатысты. Жиынды облыс әкімінің орынбасары ашты: -Түркістан - сан ғасырлық тарихы бар қасиетті мекен, Еуропа мен Азияны тоғыстырып жатқан Ұлы Жібек жолының күретамыры, Қазақ хандығының астанасы болған. Келісім, татулық, бауырмалдық сияқты асыл қасиеттерді ұран етіп алған саммиттің Түркістан тақырыбына арналуы да – заңдылық. Саммит барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Түркі өркениетін жаңғыртуды Түркістанды әлемге танытудан бастауға шақырамын» деп Түркі елдерінің басшыларына маңызды үндеу тастады. Бұл – Түркістанның алдағы уақытта да бауырлас елдерге ортақ рухани астана ретінде дами беретіндігінің дәлелі, – деп барша түркістандықтарды осы тарихи кезеңнің басталуымен құттықтады. Түркістанды түркі халықтарының рухани орталығы деп бекіту облыс үшін ең маңызды кезең болды. Облысты дамыту мақсатында суретшілер мен қолөнер шеберлерінің кеңейтілген көрме экспозициясы өткізілсе, Түркістан облысының көрікті орындары, түрлі оқиғаларынан сыр шертетін «Ұлы даланың Түркістаны» атты фотоэкспедициясы ұйымдастырылды.[2].

Түркия Республикасы Президенті Режеп Тайып Ердоғанның шақыруымен Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 10-11 мамыр күндері Түркияға мемлекеттік сапары жүзеге асырылды. Президенттер (бұдан әрі – Тараптар) бұл сапардың Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы стратегиялық әріптестікті одан әрі нығайтуға елеулі үлес қосқанын қанағаттанушылықпен атап өтті. Тараптар осы мәлімдемені қабылдау арқылы екі ел арасындағы қарым-қатынастарды «кеңейтілген стратегиялық серіктестік» деңгейіне көтеру туралы шешім қабылдады. Тараптар сапардың екі ел арасында саяси, әскери, қорғаныс, қауіпсіздік, экономика, сауда, инвестиция, өнеркәсіп, тау-кен өнеркәсібі, туризм, энергетика, экология, көлік және транзиттік тасымал, авиация, отбасы және әлеуметтік қызметтер, еңбек және жұмыспен қамту, ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы, апаттар мен төтенше жағдайлар, мәдениет, білім, ғылым және технологиялар, инновациялар, баспасөз және коммуникациялар, денсаулық сақтау, жастар және спорт, архив салаларындағы ортақ мүдделерге негізделген ынтымақтастықты нығайту тұрғысынан маңызды белес болғанын атап өтті. [3].

Сонымен қатар Астанаға іс-сапармен келген Түркия президенті Режеп Тайып Ердоған Қазақстанды "ата-бабаларымыздың елі" деп атады. Ата topraklarımızda... ("Бабалар жерінде")" деп жазды Түркия басшысы Instagram парақшасында Қазақстан астанасы түсірілген суретке сипаттама бере отыра. [4].

Осы іс-сапарлар негізінде бауырлас елдердің ара-қатынасы жақсарып, өзар серіктестік күшейе береді деген сенімдеміз. Бүгінгі әлем елдеріндегі орын алып жатқан соғыс, әлеуметтік шиеленістер, экономикалық дағдарысты ескере отыра түркі әлемінің өзара ықпалдасып, тығыз байланыста өмір сүрулері қажет. Осы жолда Түркістан қаласы сонау замандағы түркі елдерінің ұйытқысы болған қызметін бүгінгі күні де өз жалғасын табуы керек деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Яссауи Қ.А.. Диуани хикмет. Алматы, 1993 ж. 43 б.
- 2.Түркістан- түркі әлемінің рухани астанасы,2021 ж
<https://egemen.kz>
3. <https://www.akorda.kz/>
4. <https://stan.kz/erdogan-kazakstandi-babalar-zheri-dep-atadi-371852/>